

«Жаңа-ұйым» жалпы білім беретін мектеп»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Хаттама №1/2

«Жаңа-ұйым» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде кезектен тыс педагогикалық кеңес өтті.

23.09.2024ж

Катыскандар-32

Катыспағаны:0

Күн тәртібінде:

1. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5-желтоқсандағы 486 бүйрығын басшылыққа ала отырып мектептің өзін-өзі бағалау жөніндегі сараптамалық комиссиясын құру туралы.

Тындалды:

Мектеп директоры Ибрағимов Сабит Усенбайұлы педагогикалық кеңесті ашып, күн тәртібіндегі мәселелерді таныстырып, бірінші мәселе бойынша сөз алды.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы 486 бүйрығын мектеп ұжымына таныстырып өтті. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары 2 тараудан: 1-тарау жалпы ережелер, ал 2-тарау Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарынан тұрады. 2-тарау 1-параграф.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлемшарттарынан 2-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары.

Оқыту нәтижелерін бағалау 4,9 сыныптардың білім алушылар арасында білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тестілеу мәселелері жөніндегі ұйым әзірлеген компьютерлік форматтағы кешенді тестілеу технологиясы бойынша жүргізіледі.

Тестілеу кезіндегі бағалау шектігі:

«Өте жақсы»-85%-100% аралығы,
«Жақсы»-64%-84% аралығы,
«Қанағаттанарлық» -40%-64% аралығы,

«Қанағаттанарлықсыз»-дұрыс жауаптар бақылау материялындағы сұрақтар сынан 40%-дан төмен болғанда. Компьютерлік тестілеу нәтижелері цифрлық бес балдық жүйе бойынша бағаланады, сонымен қатар оқыту нәтижелерін бағалау қорытындылары бойынша апелляция көзделмеген. Сонымен қатар, мектеп алды даярлық топтары мен 4,9 сынып оқушылары мен ата-аналарынан, пән мұғалімдерінен Білім саласында сапаны қамтамасыз ету басқармасының Түркістан облысы бойынша білім беру мекемелерін мемлекеттік аттестаттаудан өткізу дің 1-қосымшасына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан сараптамалық комиссия құрамы бекітілгендейін айтты. Осы мәселеге сәйкес мектепшілік комиссия құрамы құрылыш, мектеп қызметіне саралау жүргізіледі.

Өзін-өзі бағалау дегеніміз таңдауды, ішкі бақылауды, диагностиканы жоспарлау білім беру қызметін жақсартудың механизмін қамтиды.

Мектептің қызметіне сараптама жүргізу мерзімі Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету басқармасының кестесі бойынша 2024 жылдың қыркүйек айы.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының сараптама нәтижелері педагогикалық кеңеске ұсынылды.

Мектептің өзін-өзі бағалау жөніндегі сараптама комиссия мүшелерімен таныстырып олардың бағалау өлшемшарттарына сәйкес талдау жүргізу керектігі түсіндірлді.

Мектептің өзін-өзі бағалау жөніндегі сараптама комиссиясының мүшелеріне төмендегі қызметкерлер ұсынылды:

Ибрагимов Сабит Усенбайұлы- мектеп директоры, комиссия төрағасы;

Маумов Куаныш-директордың оку ісі жөніндегі орынбасары, төраға орынбасары;

Сариева Бибанажар-тәrbie ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;

Полатбаева Гүлмира-бейіндік оку жұмыстары жөніндегі орынбасары;

Бекеева Бакытгүль-бастауыш сынып бірлестігінің әдістемелік жетекшісі;

Кияқбаева Акнур-информатика пәні мұғалімі;

Турабекова Жанна - ата-аналар комитетінің төрайымы;

Осы қызметкерлерді тағайындау бірауыздан мақұлданды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдал, талқылай келе педагогикалық кеңес шешім қабылдады:

1. Мектептің өзін-өзі бағалау жөніндегі сараптама комиссиясының мүшелеріне төмендегі қызметкерлер тағайындалсын.
-Ибрагимов Сабит Усенбайұлы- мектеп директоры, комиссия төрағасы;
-Маумов Куаныш-директордың оку ісі жөніндегі орынбасары, төраға орынбасары;
-Сариева Бибанажар-тәrbie ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
-Полатбаева Гүлмира-бейіндік оку жұмыстары жөніндегі орынбасары;
-Бекеева Бакытгүль-бастауыш сынып бірлестігінің әдістемелік жетекшісі;
-Кияқбаева Акнур-информатика пәні мұғалімі;
-Турабекова Жанна - ата-аналар комитетінің төрайымы;
2. Білім беру үйімдарын бағалау өлшемшарттарын орындау бойынша бірлестік жетекшілері мен пән мұғалімдеріне жауапкершілікпен жүргізу көзделсін;
3. Тиісті бақылау жұмыстары мен үлестірілген тәртіптегі іш-шаралар негізінде бақылауга алынсын;
4. Лауазымдық міндеттеріне байланысты мектеп директорының оку-тәrbie жұмысы және шаруашылық жөніндегі орынбасарлары талапқа сай жұмыс атқару қатаң бақылау қолға алынсын;
5. Өзін-өзі бағалау комиссиясының сараптама нәтижелері педагогикалық кеңеске ұсынылсын;
6. Өзін-өзі бағалау талаптарының нәтижелері жинақталып, облыстық білім саласындағы сапанды қамтамасыз ету басқармасына тапсырылсын.

Педагикалық кеңес төрағасы:

Хатшысы:



С.У.Ибрагимов

С.Е.Куралова